



«С.Саттаров атындағы мектеп-лицейі» КММ

Келісілді
Әдістемелік кабинет менгерушісі
 Т.Р. Байжигитова
«1 » 09 2023 ж.

Бекітілді
«С.Саттаров атындағы
мектеп-лицей» директоры
 К. Сейтимбетова
«1 » 09 2023 ж.

Ұлттық салт-санадағы сандық өлшемдер
таңдау курсының
БАҒДАРЛАМАСЫ
(10-сынып, 34 сағат)

Кұрастырған
Кызырова А.Б.
казақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Құрастырушы авторы:

Қарағанды қаласы «С.Саттаров атындағы мектеп-лицейі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж. Веліс
қолы Кызырова А.Б.

Білім беру үйімінің Әдістемелік бірлестігімен (кафедра) ұсынылады

Хаттама № 1 « 31 » 08 2023жыл

Хатшы:

Лауазымы Дархан
қолы аты-жөні

Білім беру үйімінің Ғылыми әдістемелік кеңесімен ұсынылады

Хаттама № 1 « 31 » 08 2023жыл

Хатшы:

Лауазымы Мерек
қолы аты-жөні

С.Саттаров атындағы мектеп-лицейінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі А.Б. Кызырованың
«Ұлттық салт-санадағы сандық өлшемдер»
тандau курсының бағдарламасына

Сын-пікір

10-сыныпқа арналған «Ұлттық салт-санадағы сандық өлшемдер» тандau курсының бағдарламасы оқушының таным-түсінігінің кеңейту мақсатында құрылғаны байқалды. Түркі әлемінен бастау алған сандық ұғымдар, өлшемдер қазақ халқының түрмисы мен салтында молынан қолданылады. Сол себепті бағдарлама құрастыруши мұғалім мектеп-лицейдің жаратылыстану бағытындағы математика пәні мен қазақ тілі, әдебиетіндегі тығыз байланысты ашу мақсатын ұстанады. Яғни, ұлттық салт-дәстүр, қунделікті өміріздегі сандық ұғымдардың қызметі мен рөлі ашылады. Жаһандану дәүірінде өмір сүріп жатқан жас үрпақтың қазақ тілінің аясында сандар туралы, олардың шығу тегі мен төркіні туралы, адам өміріндегі қызметтері жайында, қолдану аясы мен жасалу жолдары жөнінде таным-білімі де болу керек.

Бағдарламаның өзектілігі мектептің бағытына сай білім алушылардың бейіндік окуда, атап айтқанда, математика, география пәндерімен тығыз байланыс орнатудың өзектілігінен туыннады. Курс оқушылардың креативті ойлау, шығармашылық жұмыстармен айналысу, іздену, сын тұрғысынан ойлау секілді дағдыларын дамытуды көздейді.

Бағдарлама материалдары логикалық жүйемен, яғни сандармен танысу, олардың халық өміріндегі қызметтері мен қолданысы; табиғи сандар мен киелі және қауіпті сандардың табиғаты; қазақ халқы түрмисындағы уақыт, ұзындық және салмақ өлшемдері және географиялқ атаулар мен кісі аттарындағы сандардың көрінісі сияқты реттілікпен жасалған. Қала балаларының халқымызыдың сал-санасынан алшақтап бара жатқанын ескерсек, бұл бағдарлама қунделікті өмір мен салт-дәстүріміздегі сандардың орнын айқындалап береді. Соңықтан курс соңында білім алушылар сандар туралы мол ақпарат алып шығады.

Күтілетін нәтижесі мен нәтижелерді бағалауға арналған құралдар анық көрсетілген. Ұсынылған бағдарлама талаптарға сай орындалған.

Сын-пікір білдіруші

Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды университетінің
филология факультеті
қазақ әдебиеті кафедрасының
профессоры, ф.ғ. докторы



Жарылғапов Ж.Ж.

Тұсінік хат

Қазақстанның білім беру үйымдарындағы тәрбие мен білім берудің қазіргі жағдайының ерекшелігі оның мазмұнын әлеуметтік сұранысқа орай, "Рухани жаңғыру" бағдарламасында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, тәрбиенің жаңартылған базалық мазмұны басты бағыт ретінде анықталған. Тәрбие берудің тұжырымдамалық негіздеріне (2019) сәйкес, жақын болашақта ұлттың денсаулығына, оның зияткерлік әлеуетіне, бәсекеге қабілеттілігіне және жалпы елдің ұлттық қауіпсіздігіне әсер етпей қоймайды. Сондықтан, білім беру үйымдарында ұзак жылдар бойы қалыптасқан кемшіліктерді жеткізу тәжірибе қажеттілігі туындаиды. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді менгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты ұрпақ тәрбиелеу қазіргі оку –ағарту ісінің басым бағыты. Сол себепті мектептің жаратылыстану бағытына сай қазақ халқының сандар әлеміндегі бай тәжірибесін оқушыға таныту арқылы өз өмірінде қолдануға бағыталған бағдарлама жазылды.

Тіл білімінен бастау алатын сандар әлемі – бүкіл түркі халықтарының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі. Өзіндік атауы бар, үні бар, белгілі бір ұлттық ережелерге бағынған, ондық жүйе арқылы жасалған мәдениет үлгісі бізге жеткен. Адамзат санасы өз ойларын жазу арқылы болашакқа мол мұра қалдырыды. Жазу пайда болған соң, артынан сандар да өз орныны тапты. Қазақ тілінің аясында сандар туралы, олардың шығу тегі мен төркіні туралы, адам өміріндегі қызметтері жайында, қолдану аясы мен жасалу жолдары жөнінде жас балалардың таным-білімі де болу керек. Сол себепті бұл курс мектеп-лицейдің жаратылыстану бағытындағы математика пәні мен қазақ тілі, әдебиетіндегі тығыз байланысты ашу мақсатын ұстанады. Яғни, ұлттық салт-дәстүр, құнделікті өміріміздегі сандық ұғымдардың қызметі мен рөлі ашылады.

Өзектілігі: Бағдарлама мектептің бағытына сай білім алушылардың бейіндік окуда, атап айтқанда, математика, география пәндерімен тығыз байланыс орнатудың өзектілігінен туындаады. Курс оқушылардың креативті ойлау, шығармашылық жұмыстармен айналысу, іздену, сын тұрғысынан ойлау секілді дағдыларын дамытуды көздейді. Курс 10-сыныптарға арналған, аптасына 1 рет, оку жылы 34 сағатқа жасалған. Бағдарлама материалдары логикалық жүйемен, яғни сандармен танысу, олардың халық өміріндегі қызметтері мен қолданысы; табиғи сандар мен киелі және қауіпті сандардың табиғаты; қазақ халқы тұрмысындағы уақыт, ұзындық және салмақ өлшемдері және географиялқ атаулар мен кісі аттарындағы сандардың көрінісі сияқты реттілікпен жасалған. Қала балаларының халқымызыдың сал-

санасынан алшактап бара жатқанын ескеріп, бұл бағдарлама күнделікті өмір мен салт-дәстүріміздегі сандардың орнын айқындаپ береді. Сондықтан кур соңында білім алушылар сандар туралы мол ақпарат алып шығады.

Курс жаңашылдығы: Бұл курста білім алушылар халқымыздың салт санасы, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлеріндегі сандық ұғымдармен танысады және қазіргі мектеп оқушысының жан-жақты ұғым, білік алып шығуын жағдай жасайды. Курс казақ әдебиеті, тарих, математика, жаратылыстангу география пәндерінің интеграциясында жүргізіледі.

Курс мазмұнындағы құндылықтар:

1. Қазақстандық Патриотизм

Мақсаты: Мемлекетке, туған жерге, өзінің мәдени ортасын сүйіспеншілігін қалыптастыру. Жас буынның бойындағы күш-куатың білімін Отан игілігі мұддесіне жұмсауға, жерін, тілін, тарихын, салт-дәстүрін әдет-ғұрпын құрмет тұтуға тәрбиелеу.

2. Ұлттық сана-сезімнің көкжиегін көңейту

Мақсаты: Жас ұрпақтың санасы мен көзқарасында ұлттық болмысты өзегін сақтай отырып, оларды заманауи жаһандық даму ағынымен келеті өзгерістердің бәріне ашық болуына дайындау.

3. Білімнің салтанат құруы

Мақсаты: Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу, жаңашылдыққа жақын үздіксіз білім алуға құштар, саналы әрі сапалы тұлға қалыптастыру.

4. Бәсекеге қабілеттілік

Мақсаты: Жаңа дәуір ұрпағын 21 ғасырға лайықты қабілеттерге сандық сауаттылыққа, шет тілдерін үйренуге, мәдени ашықтыққа бағыттау.

5. Еңбекқорлық

Мақсаты: Тұлғаның бойында ерік-жігер мен еңбексүйгіштің мақсаткерлік қасиеттерін сініруге, салауатты өмір салтын ұстануға, кәсіб тұрғыдан жетілуге басымдық беру, осы жолда әр нәрсені ұтымдай пайдалануға ықпал ету.

6. Функционалдық сауаттылық

Мақсаты: Білім алушының алған білімін практикалық жағдайларда және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті әрі тиімді пайдалануға мүмкіндік жасау.

Оқушылар бойында халықтың салт-дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік пен құрметті ояту, еңбекқорлыққа баулу, сын тұрғысынан ойлау, үлкені және өзгеге құрмет, жаңындағылар мен тұғандарына қамқорлық көрсеткіншіліктерін жүзеге асырады деп жоспарланды.

Курстың мақсаты: Оқушыларды қазақ тілі мен әдебиетінде, тұрмыстық жиілік көзделсестің қазактың сандық өлшемдері туралы ұғымдармен таныстырып.

қолдану аясынан хабардар ету, табиғи, киелі сандар туралы мағлұмат беру арқылы танымды көнекті және болашақ өмірінде пайдаға асыруға үйрету.

Міндеттері:

- Ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, тұлғаны патриотизмге, Отанына адал қызмет етуге және оның мұдделерін қорғауға тәрбиелеу;
- Тұлғалық қасиеттерді дамыту; бәсекеге қабілеттілікті, сын тұрғысынан ойлауды және функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өздігінен шешу қабілетін дамытуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға қажетті жағдайлар жасау;
- Сандардың шығу тарихы туралы мағлұматтар жинақтау;
- Сандардың адам жасындағы рөлін көрсету;
- Табиғи және киелі сандармен танысу;
- Салт-дәстүрлердегі сандық ұғымдармен жұмыс жасау;
- Жер-су, кісі аттарындағы сандармен жобалар қорғау;
- Шығармашылық жұмыстарға баулу(презентациялар, репортаж, деректі фильм, т.б.);
- Мерзімдік басылымдарға мақала жариялау;
- Ұлттың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихын, мәдениетін сактау ұрпақ міндеті екенін ұғады;
- Ұлттық сана, түсінігі қалыптасады;
- Ұлттық бренд, ұлттық кодын құрметтейді.

Күтілетін іетижелер:

- Оқыту курсы материалдарынан хабардар
- Ұлттық құндылықтарды бағалап, қолданатын
- Өз өмірінде қолдана алатын
- Танымдық шеңбері кең
- Шығармашыл ТҰЛҒА

Нәтижелерді бағалауға арналған құралдар:

- ✓ Бағалау тестілері
- ✓ Эссе
- ✓ Қайталау сұрақтары
- ✓ Квест ойыны
- ✓ АКТ-ны қолдану деңгейін көтеру презентациялары
- ✓ Сайыстар
- ✓ Фылыми жобалар

Күнтізбелік тақырыптық жоспар

№	Сабак №	Мазмұны	Сағат саны	Мерзімі	Сабак түрі	Практика
---	---------	---------	------------	---------	------------	----------

1-тоқсан 8 сағат

1	1	Сандар әлеміне саяхат	1		Дәріс	Тезистік конспект
2	2	Сандардың пайда болуы мен дамуы	1		Таныстырылым	Сандар картотекасы
3	3	Табиғи сандар. Бір саны туралы	1		Ізденіс	Блум түймедағы
4	4	Екі саны туралы	1		Ізденіс	Дереккөздермен жұмыс
5	5	Үш саны туралы	1		Дөңгелек үстел	Сөздер пирамидасы
6	6	Төрт саны туралы	1		Ізденіс	Өздік жұмысы
7	7	Бес және тоғыз сандарды туралы	1		Дөңгелек үстел	Салыстырмалы анализ
8	8	Натурал сандар әлемі. Шығармашылық жұмыс.	1		Тәжірибелік жұмыс	Презентациялар жасау

2-тоқсан 8 сағат

9	1	Тоқсандық қайталау	1		Қайталау	Кахут ойыны
10	2	Киелі сандар. Жеті санының құпиясы	1		Таныстырылым	Топтық тапсырма
11	3	Жеті санының үлттық санадағы қолданысы	1		Практикум	Сөздер картотекасы
12	4	Киіз үйдің жеті атауы	1		Таныстырылым	Сөздік жасау
13	5	Бабалар өсietіндегі жеті саны	1		Ізденіс	Буклет
14	6	Шығармашылық жұмыс. Жоба қорғау	1		Практикум	Шағын жоба
15	7	Қырық санының құпиялары	1		Таныстырылым	Қосжазба күнделігі
16	8	Шығармашылық жұмыс. Ауыз әдебиеті үлгілеріндегі қырық санының көрінісі.	1		Дөңгелек үстел	Топ жұмысы

3-тоқсан 10 сағат

17	1	Тақ сандар мен жұп сандардың қызметі	1		Дәріс	Тезистік конспект
18	2	Тоқсандық қайталау.	1		Қайталау	Тест

		Wordwall құралы арқылы тестілеу				
19	3	Қауіпті сандар туралы	1		Таныстырылы м	Тезистік конспект
20	4	Салт-санадағы сандық өлшемдер. Ат-тон айып. Құн дауы.	1		Бейнесабак	Шағын жоба
21	5	Қалың мал. Дөңгелек қалың	1		Дәріс	Саулнама
22	6	Жиһаз бен енші түрлері	1		Таныстырылы м	Сөздер картотекасы
23	7	Жер-су мен кісі аттарындағы сандар	1		Дөңгелек үстел	Сөздер пирамидасы
24	8	Шығармашылық жұмыс. Географиялық картамен жұмыс	1		Практикум	Геокарта жасау
25	9	Халықтың өлшеуіштер туралы ұғымдары	1		Дәріс	Альбом
26	10	Уақыт өлшемдері	1		Дәріс	Буклет

4-тоқсан 8 сағат

27	1	Ұзындық өлшемдері	1	Дәріс	Презентация
28	2	Тоқсандық қайталау. Квест ойыны	1	Қайталау	Квест
29	3	Салмақ және бөлшек өлшемдері	1	Таныстырылы м	Тезистік конспект
30	4	Мақал-мәтелдердегі сандық белгілер	1	Практикум	Шағын жоба
31	5	Жұмбақтар мен жаңылтпаштарда кездесетін сандық белгілер	1	Практикум	Буклет
32	6	«Қызы Жібек» жырында кездесетін сандық белгілер	1	Ізденіс	Сандар пирамидасы
33	7	«Алпамыс батыр» жырында кездесетін сандық белгілер	1	Ізденіс	Сандар картотекасы
34	8	Жыл бойы өткен материалдарды қайталау «Не? Қайда? Қашан?» зияткерлік ойыны	1	Қайталау	Зияткерлік ойыны

Сабак-ұлғи

Тақырыбы: Киелі сандар. Жеті санының құпиясы

Мақсаты: мәселені түсіндіру, танымын көнектізу, өзіндік пікірін қалыптастыру

Құндылықтарға негіздеу: Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; сынни және креативті ойлау

Қазақ халқында қасиетті саналатын бір шоғыр сан бар. Олардың қатарына 3, 5, 7, 9, 40 сияқты сандар жатады. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі қолданыста жүрген ырым-тыйымдар мен салт-дәстүрлер осы сандармен тығыз байланысты.

Қазақ үшін әр санның өзіндік қасиеті мен киесі, сырьы мен жұмбағы, мән маңызы болған. Халқымыз әр санның өзіне тән ерекшелігін саралап, жөнімен қолданған.

Жеті саны

7 саны – халқымыз үшін қастерлі сан. Жеті санымен байланыстырылып айтылатын ұғым дәстүрімізде де, тілдік мәдениетімізде де көп сақталған.

Қазақ **жеті атаға** толмай қыз алыспайды. Бұл ата-бабамыздан бері қарай келе жатқан қатаң ереже. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы, жеті атасының есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. "Жеті атасын білген ұл – жеті жүртқа жөн айтар", "Жеті атасын білмеген жетесіз" деген аталы сөздер осыдан қалса керек.

Қазақ ұлтында ежелден қалыптасқан философиялық түсінік бар, ол – **Жеті қазына**. Жалпы жеті қазына ертеректе көшпенді халықтың құнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқы жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырган. Сол себепті оған жүйрік ат, қыран бүркіт, күмай тазы, берен мылтық, қандыауыз қақпан, майланғыш ау, өткір кездікті жатқызған.

Сондай-ақ қазақ салтында қайтыс болған адамның **жетісі** деген ұғым бар. Мәйіт жер қойнына тапсырылған сон, жеті күн бойы періштер тарағынан сұраққа алынады еken. Сондықтан да сахабалар сол күндері марқұмның атынан ас берілуін ұнамды әрекет санаған.

Бұдан бөлек, қазақта қасиетті жұма күні **жеті шелпек** пісіру дәстүрі бар. Жеті саны кейде жамандықпен де байланыстырылып жатады. Мысалы, қазақ "жұт жеті ағайынды" дейді. Халық жеті жұтқа мыналарды жатқызады: күргақшылық, жұт (мал қырылу), өрт, оба (ауру), соғыс, топан су, зілзала. Сан құдіретіне қатысты мына жәйтті де айта кетуге болады. Қазақтың жаңа жылды Наурыз айынан басталады. Ал Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамында 7 түрлі дәм косылатын Наурыз көже дайындалады.

Жеті санымен бірге айтылатын сөздің тағы бірі — "Жеті жетім", "Жеті жоқ" "Жеті амал", "Жеті қат көк" деген сөздер бар.

Жеті жетім

Тындаған сөз жетім; Киюсіз тозған бөз жетім; Иесіз қалған жер жетім; Басшысы жоқ ел жетім; Акку-казсыз көл жетім; Жерінен айырылған ер жетім; Замандасы қалмаса – бәрінен де сол жетім.

Жеті жоқ

Жерде өлшеуіш жоқ; Аспанда тіреуіш жоқ; Таста тамыр жоқ; Тасбақада талақ жоқ; Аллада бауыр жоқ; Ақкуда сүт жоқ, Жылқыда өт жоқ.

Жеті амал

Күннің тоқырауы; Қарашаның қайтуы; Үркөрдің батуы; Мұздың қатуы; Кіктің матауы; Қыс тоқсан; Ай тоғамы.

Жеті күн

1. Бұгін. 2. Ертең. 3. Бұрсігүні. 4. Арғы күн. 5. Ауыр күн. 6. Соңғы күн. 7. Азына.

1. Дүйсенбі. 2. Сейсенбі. 3. Сәрсенбі (сәтті күн). 4. Бейсенбі. 5. Жұма (қасиетті күн). 6. Сенбі. 7. Жексенбі.

Сандар туралы <https://youtu.be/JjfZqprdKZA>

Жеті санының қасиеті <https://youtu.be/SLRvpz0vqeE>

Тапсырма. Топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңыз.

1-топ Мақал-мәтелдерден 7 санына байланысты мысалдар жазыңыз, мағынасын ашыңыз.

2-топ Апта күндерінің атауларының шығу тарихын зерттеңіз.

3-топ Табиғатта болатын жеті амалды түсіндіріңіз.

4-топ Жеті санының әлемдегі қолданысы.

5-топ Әлемнің жеті кереметін атап, семантикалық карта жасаңыз.

6-топ Жеті ғашықтың кім екенін тауып, таныстырылым дайындаңыз.

«7 - киелі сан» тақырыбына тест

1. Киелі сандарға қай сандар жатады?
 - A. 5,3,7,40
 - B. 3,5,8,9
 - C. 4,7,9,1
 - D. 3,5,8,9
2. Жеті қабат аспан бар, оларды билейтін жеті құдай бар деп сенген халық
 - A. қытайлықтар
 - B. түріктер
 - C. вавилондықтар
 - D. иректер
3. Жеті ғашыққа жататын нұсқа
 - A. Медғат-Қасым
 - B. Әділ-Мәрия
 - C. Фархад-Шырын
 - D. Еңлік-Кебек
4. Жеті мүшеге жатпайтын нұсқа
 - A. Екі қол
 - B. Кеуде
 - C. Іш
 - D. Екі көз
5. Түркі халықтарының ішіндегі мүшел жылнамасында жұт болатын жылдар
 - A. Қоян, тышқан, барыс
 - B. Қой, ұлу, жылқы
 - C. Мешін, жылан, қоян
 - D. Ит, доңыз, тауық
6. Жеті амалдағы күннің қыскаруы мен ұзаруы қалай аталады?
 - A. Күннің тоқырауы
 - B. Үркердің батуы
 - C. Мұздың қатуы
 - D. Киіктің мatalуы
7. Италия жерінде орналасқан әлемнің жеті кереметінің бірі
 - A. Вавилонның аспалы бағы
 - B. Гелиостың мұсіні
 - C. Рим коллизейі
 - D. Александрия маягі

8. Киіз үй неше мұшеден тұрады?

- A. 5
- B. 6
- C. 7
- D. 9

9. Киіз үйдің ағаш есігі қалай аталады?

- A. Қабаттама
- B. Торлама
- C. Кіші есік
- D. Сықырлауық

10. Өмірде 7 нәрсеге асығу керек. Дұрыс нұсқасын табыныз.

- A. Жетімге көмектесуге
- B. Қарияға қол ұшын беруге
- C. Қонаққа дастарқан жаюға
- D. Жұмыстан үйге тез оралуға

Дұрыс жауаптар кілті

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
a	c	c	d	c	a	c	c	d	c

Оқушыларға арналған әдебиеттер тізімі

1. «Алпамыс батыр» жыры
2. Кенжеахметұлы С. Қазақтың дарқан дастарханы Алматы 2007ж.
3. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті Алматы 2007ж.
4. Қазақтың салт-дәстүрлері әнциклопедиясы
5. Қазақтың мақал-мәтелдері
6. «Қызы Жібек» жыры
7. Кеңесбаев I. Фразеологизмдер сөздігі
8. Тілеубекұлы Т. «Сандар әлеміне саяхат» Болашақ-Баспа 1999 ж.
9. Тәуке ханның Жеті жарғысы

Мұғалімдерге арналған әдебиеттер тізімі

1. «Алпамыс батыр» жыры
2. Есімов F. «Мал мен жан» «Жүлдым» №10 1989 ж.
3. Искаков М., Назаров С. «Рассказы о математике и математиках» «Мектеп» 1967 ж.
4. Кенжеахметұлы С. Қазақтың дарқан дастарханы Алматы 2007ж.
5. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті Алматы 2007ж.
6. Кеңесбаев I. Фразеологизмдер сөздігі
7. Қазақтың салт-дәстүрлері әнциклопедиясы
8. Қазақтың мақал-мәтелдері
9. Қазақстан тарихы әнциклопедиясы
10. «Қызы Жібек» жыры
11. Тілеубекұлы Т. «Сандар әлеміне саяхат» Болашақ-Баспа 1999 ж.
12. Тәуке ханның Жеті жарғысы

9	10
д	с